


# «Төл сөздің тыныс белгілері»



**Айкөркем Есенгелді,  
02301-топ (“Қазақ тілі мен  
әдебиеті” мамандығы)**

**8-сынып**

*Орал, 2017 жыл*

*Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.*

*Әбу Насыр әл-Фараби*

*Педагог – жаңа ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған барлық бағалы дүниелерді беріп, жалған сенімдерді, кінәраттар мен кеселдерді бермеуге тиісті адам.*

*А.А.Луначарский*

## Ізденімділік деңгейдегі тапсырмалар

**№1 тапсырма: «Кім тапқыр? Мәтіндегі қалып қойған тыныс белгілерді табу.**

**I топ.**

**Шай құйып отырған Қаныгүл жаулығының ұшымен жасын сүртіп Іә, үлкендерден естіген бұл әңгіме еміс - еміс есімде дейді. (Шай құйып отырған Қаныгүл жаулығы-ның ұшымен жасын сүртіп, – Іә, үлкендерден естіген бұл әңгіме еміс-еміс есімде, –дейді).**

**II топ.**

**Алтайды айналып шықсам деп армандаушы еді Бекен аға. («Алтайды айналып шықсам», – деп армандаушы еді Бекен аға).**

**III топ.**

**Бір кезде ұйықтап отырған Бекен аға ояна келіп Әй, Төке, біз бұрылыстан өтіп кеттік, артқа бұрыл дейді. (Бір кезде ұйықтап отырған Бекен аға ояна келіп: «Әй, Төке, біз бұрылыстан өтіп кеттік, артқа бұрыл», - дейді).**

**№2 тапсырма: «Кім жылдам?» ойыны. «Байлық пен ақыл» ертегісі бойынша мәтіндегі тыныс белгілерге мұқият назар аударып, ережемен сәйкестендіріп түсіндіру.**

Бір қарияның төрт ұлы болыпты. Бір күні әкесі балаларын шақырып алып: -Мен қартайдым. Кімнің ақылы мен байлығы болса, сол менің мұрагерім болады, - депті.

1. «Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды», - депті үлкен ұлы асыл тасты жүзігін көрсетіп.
2. Екінші ұлы асыл киімдерін киіп келеді де, әкесіне былай дейді: «Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді».
3. «Мұндай белдікті,- деді үшінші ұлы күміс пен асыл тастармен әшекейленген белдігін буынып,- ешкім буынып көрген жоқ!»
4. - Сен неге үндемейсің? – деді әкесі төртінші ұлына қарап. – Әлде сенің көрсететін ештеңең жоқ па?
5. Сонда төртінші ұлы басын төмен салып: «Менде асыл тас та, жүзік те, киім де, белдік те жоқ. Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат пен жігерге толы жүрегім бар», - дейді.

Әкесіне кіші ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері етіп кіші ұлын тапты. Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті. *(2-сәйлемдегі тыныс белгілер “төл сөз автор сөзінен кейін тұрса, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады, одан кейінгі төл сөз тырнақшаға алынады, не алдынан сызықша қойылады” деген ережеге сай қойылған).*

**№3 тапсырма: Төлеу сөзді төл сөзге айналдырып,  
тыныс белгісін дұрыс қойыңдар!**

**ТӨЛ СӨЗ**

– Қиындықтан қалай шығудың жолын мен білмеймін, – деді анасы.

Әркім әртүрлі сөз айтып даурығып жатқанда, Сырбай: – Тоқтатыңдар! – деп ақырды.

– Қазақтың мұң-мұқтажына алтын дiңгек болған сенбісің? – деді басын көтеріп. – Қайдан жүрсің?

– Сенімен сырымды бөлісейін деп келдім, – деді Гүлнұр.

– Баламды сізге бірер сағатқа қалдыруыма бола ма? – деп сұрады Айман көршісінен.

**ТӨЛЕУ СӨЗ**

Анасы қиындықтан қалай шығудың жолын білмейтіндігін айтты.





Әркім әр үрлі сөзді айтып даурығып жатқанда, Сырбай тоқтатуын ақырып бұйырды.

Қазақтың мұң-мұқтажының алтын дiңгегі екенін айта келіп, басын көтеріп, қайдан жүргенін сұрады.

Гүлнұр оған сырымен бөліскелі келгенін айтты.

Айман көршісінен баласын бірер сағатқа қалдыруға болатынын-болмайтынын сұрады.

## №4 тапсырма: Семантикалық карта.

Сөйлемдер	Төл сөз	Төлеу сөз	Автор сөзі
<p>1. «Тіл — жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт — жойылған жұрт» - деп Халел Досмұхамедұлы айтқан.</p>			
<p>2. «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті... Біздің қазақ жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын» деп үміт артады Ахмет Жұбанов</p>			
<p>3. Ердің жүзін күйдіретін нәрсе — тіл екендігін Ахмет Йүгінеки бабамыз айтып өткен.</p>			
<p>4. Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнегесі, нағыз белгісі болатындығын Бауыржан Момышұлы атамыз айтқан.</p>			

*5-тапсырма: Сөйлемдерді оқып, тиісті жеріне тыныс белгісін қойыңдар:*

**Жақындай бере таныдық, кәдімгі өзіміздің Әжібек. Түнеугүні станцияға, нағашысына қашып кеткеннен қайтқан беті. Басында пилотка, бұтынд галифе шалбар, құдды әскердің өзі дерсің, екі өкпесін қолына алып ұшып келеді. Өзіне қарай өре жүгірген біздерге: Сүйінші! Сүйінші! Ырысбек қайтып келе жатыр соғыстан, деді алқына дауыстап. Мына төбенің астында келе жатыр. Жүгіріңдер, сүйінші сұраңдар ауыл-аймақтан. Біз әуелде сәл абдырап қалдық.**

*(–Жақындай бере таныдық, кәдімгі өзіміздің Әжібек. Түнеугүні станцияға, нағашысына қашып кеткеннен қайтқан беті. Басында пилотка, бұтында галифе шалбар, құдды әскердің өзі дерсің, екі өкпесін қолына алып ұшып келеді. Өзіне қарай өре жүгірген біздерге: – Сүйінші! Сүйінші! Ырысбек қайтып келе жатыр соғыстан, - деді, алқына дауыстап. «Мына төбенің астында келе жатыр. Жүгіріңдер, сүйінші сұраңдар ауыл-аймақтан». Біз әуелде сәл абдырап қалдық).*

## Шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар

### №6 тапсырма:

Төл сөз бен автор сөзін тауып, орын тәртібінің сызбасын көрсетіндер. Айрықша берілген сөздердің үш тілдегі аудармасын айтындар.

•«*Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ*», – деді Абай.

*Өнер-искусство-art*

•*Мағжан Жұмабаев қазақ тілі туралы: «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім!»- деп айтқан.*

*Тіл-язык-language*

•*Жүсіп Баласағұн: «Адамға екі нәрсе тірек, тегі: Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», дейді*

*Жүрек – сердце- heart*

•«*Тіл – елінің қылышы, - деді Жүсіп Баласағұн , - тіл қылыштан да өткір.*»

*Қылыш – мечь-sword*

•«*Қасиетін сезем деп ана тілдің,*

*Қауырсыны қалмады қанатымның» – деп Мұқағали Мақатаев жырлаған.*

*Ана – мать – mother*



**7-тапсырма:**

**РАФТ әдісі бойынша «Төл сөздің тыныс белгісі» тақырыбына мінездеме жазыңдар.**

*(Мен, төл сөздің тыныс белгісімін. Пунктуация саласына жатамын. Егер мен болмасам, сөздер бір-бірімен дұрыс байланыспай, адамдар белгілі бір автордың сөзін басшылыққа алғанда әбден, шатасар еді)*

## **8-тапсырма:**

**Тіл туралы ұлт жанашырларының сөздерін теріп жазып, сол даналық сөздерді қатыстырып сөйлем құра.**

*1.Тәрбие басы – тіл (Махмұд Қашқари)*

*2.Тіліңді тый – тісің сынбайды (Ахмет Игүнеки)*

*3. Тіл – өткір найза (Майлықожа Сұлтанқожаұлы)*

*4.Аяққа кісен салуға болар, қолға кісен салуға болар – тілге кісен салуға болмас (Бәйдібек Қарашаұлы)*

*5.Тіл – өткір найза (Майлықожа Сұлтанқожаұлы)*

*6.Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады (Ахмет Байтұрсынов)*

### **Мысалы:**

*(–Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, - деп Алаш зиялысы Ахаң айтқандай, құны жоғары тіліміздің қадірін төмендетпеу бүгінгі ұрпақтың ұлы борышы).*

9-тапсырма: Белгілі бір автордың шығармасын таңдап алып аннотация жаз, арасында төл сөздер кездесуі керек.

### Расул Гамзатов “Ана тілі” өлеңі

Расул Гамзатовтың аталған шығармасы негізінен елжандылық рухтан пайда болған, туған тіліне деген шексіз сүйіспеншіліктің өлеңге сыйған шекті көрінісі. Туынды желісі бойынша автор ғайып әлеміне еніп, түс көреді. Түсінде дүниемен қоштасып, қабірде жатқан тұсынан екі кісінің авар тілінде сөйлесіп жатқанын естиді. Сол мезет ана тілінің әсем сөздерінен әсерленіп, өлі денесіне жан бітіп, қайта тіріледі. Оқиғаның шарықтау шегі де осы тұста. Себебі, мүмкін болмайтын дүниені түс әлеміне енгізіп, мүмкінге айналдырады. Туған тіліне деген махаббатының күштілігі соншалық, «Егер тілім ертең болса құрымақ, мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ!»-деп, авар тілінің әлем сахнасынан жоғалып бара жатқандағына қынжылысын білдіреді. Өлеңнің тәрбиелік мәні оқыған оқырманды өкіндірмесі анық!

## **10-тапсырма: Абайдың 17-қара сөзінен төл сөздерді теріп жаз**

*Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтұғынын; әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты гибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болады. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті. Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті.*